

**Мәслихаттың 2014 жылғы 10 сәуірдегі № 211 "Науырзым аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 85 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 сәуірде № 7007 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, 50-бабының 2-тармағына сәйкес Науырзым аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 10 сәуірдегі № 211 "Науырзым аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4678 тіркелген, 2014 жылғы 14 мамырдағы "Науырзым тынысы" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Аудандық  
мәслихат хатшысы*

*Т. Қосмағанбетов*

*Г. Әбенова*